



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

<https://www.youtube.com/watch?v=xRvbrzIyV9E>

5. Дүниежүзілік Банк, «Қазақстанға жалпы сипаттама», соңғы өңдеу 2015 жылы, <http://www.worldbank.org/en/country/kazakhstan/overview>
6. Инна Прядко, Корреспондент журналы №35, «Азия экономикасы. Адам беті бар жолбарыс», 6 Қыркүйек 2013.
7. Стивен Розефилд, Әлемнің ғылыми публикациясы, «Азияның экономикалық жүйесі», 2013.

УДК [327+341.7](091)

ЖАРИЯЛЫҚ ДИПЛОМАТИЯ СЫРТҚЫ САЯСАТТЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ҚОСЫМША ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Рахимжанова Сайран Нурлановна

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Халықаралық қатынастар факультеті Халықаралық қатынастар кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Төлешова Л.Х.

Жаһандық үрдістердің әсерінен әлемнің геосаяси көрінісінің өзгерген жағдайында жариялық дипломатия ұғымы мемлекеттің сыртқы саяси мақсаттарына қол жеткізудегі қосымша құралы ретінде өзекті болуда. Заманауи әлемде халықаралық қатынасқа түсуші «ойыншылардың» саны бірнеше есе арта түсті. Бұндай жағдайда жариялық дипломатия маңызды сыртқы саяси ресурсына, әлемдік саясаттың қарқынды салаларының біріне айналады. Жариялық дипломатия сыртқы саясаттың құралы ретінде үкімет шешіміне ықпалын тигізу және шетелдік қоғамдарға артықшылық беру мақсатын қояды. Жариялық дипломатияның сыртқы саясаттың дәстүрлі құралдарынан айырмашылығы тек мақсатында ғана емес, сонымен қатар оған қол жеткізу тетіктері мен оның жүзеге асуына қатысатын акторларында болып табылады.

Сәтті жариялық дипломатияның айқын да озық үлгісін АҚШ жариялық дипломатиясынан көруге болады. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап бүгінгі таңға дейін АҚШ-ның мәдени экспансиясының күшейгендігі анық байқалады, бұл өз кезегінде американдық үкіметтің қолындағы сыртқы саяси саясатты жүзеге асырудағы тиімді құралы [1].

Жариялық дипломатияны жүзеге асырудың әдістері, құралдары мен институттары жөнінде қандай да бір түсінік қалыптасу үшін АҚШ-тағы алғашқы халықаралық қатынастар кәсіби мектебі Тафт университеті жанындағы Флетчер құқық және дипломатия мектебінің деканы Эдмунд Галлионның берген анықтамасына жүгінген жөн: «Жариялық дипломатия дәстүрлі дипломатияның шеңберінен тыс халықаралық қатынастардың өлшемдерінен тұрады: жеке топтар мен бір елдің басқа елмен мүдделерінің өзара әрекеттестігіне, басқа елдерде қоғамдық пікірге ықпал ету мен ақпараттандыруға бағытталған үкіметпен қаржыландырылатын бағдарламалар». Ол сонымен қатар, дәстүрлі мағынасындағы «public diplomacy» немесе жариялық дипломатия (қоғамдық) терминін ең алғаш рет 1965 жылы қолданысқа енгізген болатын. Ол жариялық дипломатияны «насихаттау» (пропаганда) түсінігінің эвфемизмі деп есептеді. Ағылшын тілінде «пропаганда» ұғымы қатаң жағымсыз коннотацияға ие, оның астарында жалғандық пен әділетсіз коммуникация жатыр. Тыңшылыққа (шпионаж) қатысты барлау термині қолданылатыны секілді жариялық дипломатия да пропагандаға қатысты дәл сондай термин болып табылады. Э. Галлионның берген анықтамасы бойынша: «басқа елдерде қоғамдық пікірге ықпал ету мен ақпараттандыруға бағытталған үкіметпен қаржыландырылатын бағдарламалар» [2].

АҚШ конгресі тарихында бірінші рет «жариялық дипломатия» термині 1977 жылы сыртқы саяси аппаратты ұйымдастыру жөніндегі Мэрфи Комиссиясы баяндамасында қолданылды, әуелі бұл ұғым Құрама Штаттары заңнамалық органында «мәдени дипломатия», «жаңа дипломатия» немесе «сыртқы саясаттың төртінші өлшемі» ретінде

анықталды. 1986 жылы американдық Конгресс қарарларында сыртқы істер жөніндегі комитет төрағасы Д. Фоссэл - «жариялық дипломатия» халықаралық қатынастар тарихында үнемі болған құбылыс, біз тек жөнді сипаттаманың жоқтығынан бұл құбылысқа жаңа атау ғана бердік» - деп мәлімдеген болатын [1].

Кейінірек бұл тақырыппен американдық саясаттанушы, Гарвард университеті профессоры «жұмсақ күш» концепциясының авторы Джозеф С. Най жете айналысты. Оның берген бағасы бойынша, жариялық дипломатия – американдық «жұмсақ күш» әлеуетін арттырудың ең тиімді әдістерінің бірі болып табылады. Оның жүзеге асуындағы орталық рөл ақпараттық ресурс пен ақпарат ағыны үстінен бақылауға тиесілі. Жариялық дипломатия кезекті жарнамалық кампания ғана емес, ол мемлекеттік саясат үшін жағымды жағдай қалыптастыратын ұзақ мерзімді қарым-қатынасты орнатуды көздейді.

Дж. Най ұзақ мерзімді мәдени қарым-қатынасқа тікелей үкіметтік ақпараттың үлесі тәуелді болатын жариялық дипломатияның үш өлшемін бөліп көрсетеді.

Ең бірінші және міндетті өлшемі – сыртқы және ішкі саясаттағы шешімдердің мәнін түсіндіру тән болып келетін күнделікті қатынас. Бұл өлшемге сонымен қатар дағдарыспен күреске дайындық та кіреді.

Екінші өлшемі – АҚШ үшін маңызды саяси тақырыптарға көбінесе саяси немесе жарнамалық кампания іспеттес шоғырландырылған талқылаумен түсіндірілетін стратегиялық қатынас.

Жариялық дипломатияның үшінші өлшемі көп жылдар тіпті онжылдықтар бойы шәкіртақылар, алмасу, оқыту бағдарламалары, семинарлар, конференциялар мен ақпарат құралдары арналары көмегімен маңызды тұлғалармен берік тығыз қарым-қатынасты дамытумен түсіндіріледі. Бұл бағдарламалар американдық журналист Эдвард Марроу кезінде шешуші «соңғы қадам» деп атап өткен, яғни тығыз өзара қарым-қатынастан туындайтын жоғары сенімге негізделген жеке қатынасуды дамытады [4].

Американдық саясаттанушының айтуы бойынша тіпті ең мықты деген жарнаманың өзінде танымал емес өнімді сату мүмкін емес. Егер қатынас стратегиясы саясатпен қайшы келіп отырса, онда ол жұмыс істемейді. Іс-әрекет сөзге қарағанда дәлелді және сенімдірек. Әдеттен тыс саясаткерлер жариялық дипломатияны басқа құралдардың кесірінен болған зақымға салынатын медициналық таңғыш ретінде есептейді.

Жариялық дипломатия «ұзақ мерзімді қарым-қатынас орнатуға, ұлттық сыртқы саясат пен шет елде өз мемлекетінің құндылықтары мен институттарын жете түсінудің мақсаттарын қорғауға бағытталған іс-әрекет ретінде анықталады. Жариялық дипломатия ұлттық қызығушылықтарды алға тартады және шетелдік қоғамдық пікірдің жай-күйін зерттеу, елді ақпараттандыру мен қоғамда сол пікірді қалыптастырушыларға ықпал ету жолымен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді».

Көп жағдайда зерттеушілер жариялық дипломатияны «халықтық дипломатия», «қоғамдық дипломатия» немесе «мәдени дипломатия» терминдерімен қарастыратындығын атап өткен жөн. Алайда, бұл көзқарас шындыққа толық сәйкес келмейді, өйткені халықтық, қоғамдық дипломатия жариялық дипломатиямен салыстырғанда тікелей мемлекеттік басқаруды көздемейді және тек жеке тұлғалардың бастамаларымен дайындалып, жүзеге асырылған бағдарламалармен сипатталады.

Бірқатар зерттеушілердің пікірі бойынша жариялық дипломатияның ең маңызды нысандары болып елдің мәдениеті, құндылықтары, сыртқы және ішкі саясаты табылады. Шетелдік орта үшін аталғандардың тартымдылығы (қолайлылығы, жарамдылығы) деңгейі жеткілікті болғанда ғана жариялық дипломатияның әдістері олардың сыртқа ілгерілету үшін қолайлы жағдайларын жасауға мүмкіндік береді. Ондай болмаған жағдайда әлемге жағымды жағынан танылу әрекеті кері нәтижеге әкелуі мүмкін.

Жариялық дипломатия мақсаттарына жатқызу қабылданған:

- ұлттық мүддені қамтамасыз ету, ұлттық сыртқы саясат мақсаттарын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- шетелдік аудиторияға деген мақсатты ықпал етуді күшейту, халықтар арасында

терең түсіністік орнату;

- мемлекеттің сыртқы және ішкі саясатының жүзеге асырылу мақсаты мен барысына деген шетелдік аудиторияның оң көзқарасын қалыптастыру, тиісті нұсқамаларды ерікті түрде қабылдау;

- қолайлы жағдайлар жасау, халықаралық аренада мемлекеттің белгілі бір акциясына деген шетелдік қоғамдық пікірді қолдауды қамтамасыз ету;

- шетелдік аудиториямен ұзақ мерзімді және сенімге негізделген қарым-қатынас орнату;

- шетелде өз мемлекетінің құндылықтары мен институттары туралы жақсы түсінікке қол жеткізу;

- өз елінің азаматтары мен шетелдік әріптестер арасында диалогты кеңейте түсу;

- мемлекет имиджін жақсарту және тартымдылығын арттыру [5].

Жариялық дипломатия мақсаттарын тәжірибе жүзінде жүзеге асыру құралдары аса маңызға ие, олардың қатарына:

- шетелге трансляциялау үшін «мессидж» жасау, көпшілік аудитория мен жекелеген адамдар тобын ақпараттандыру, мемлекеттің сыртқы және ішкі саясатына дәлелді түсініктеме беру және мазмұндау, ашық және адал диалог;

- бұл «мессидждің» әртүрлі қоғамдық топтар тарапынан қалай түсіндірілетініне сараптама жасау, шетелдік қоғамдық пікірдің жай-күйін зерттеу;

- қоғамдық пікірді қалыптастырушыларға ықпал ету;

- коммуникация мен сендіру құралдарын дайындау және дамыту, қоғамдық институттар, БАҚ, адамдар тобы мен әртүрлі елдердің жеке тұлғалары арасында тікелей байланыс;

- белсенді халықаралық алмасу, мемлекеттік құрылымдармен қаржыландырылатын мәдени, білім және ақпараттық бағдарламалар жасау;

- студенттерді алмасу бағдарламаларына тарту, мемлекет, кәсіпкерлік және ғылыми қоғамдастықтар өкілдерімен семинарлар, кездесулер ұйымдастыру;

- кино, телевидение, радио, музыка, спорт, театр, туризм, ғаламтор желілерінде немесе басқа да әлеуметтік және мәдени белсенділіктің формаларында байланыс арқылы өз құндылықтарын насихаттау [6].

Көптеген ғалымдар, заманауи саясаттану мен дипломатияның теоретиктері мен практиктері жариялық дипломатияның негізгі қағидаларын қалыптастыруға тырысты. Ортақ пікір бойынша, ең сәтті жұмыстардың бірі Кристофер Россқа (Christopher W.S. Ross) тиесілі, ол өз қызметін американдық пропаганданың орталығы болып есептелетін – Америка Ақпараттық Агенттігінде бастады. Тарихи тәжірибе мен өз жетістіктеріне сүйене отырып, жариялық дипломатияның жеті қағидасын жасап шығарды. Олардың негізінде кез келген елдің ұлттық брендін ілгерілету үшін жариялық дипломатияның бүтін стратегиясын құрастыруға болады:

- шетелдік аудиторияның саясатты бар болмысымен түсінуін қамтамасыз ету;

- ұтымдылығын көрсете отырып, іргелі құндылықтармен негіздей отырып, саясатты түсіндіру;

- халықаралық қоғамдастыққа үндеулерді жүйелі, шынайы және сенімді ету;

- үндеулерді нақты мақсатты аудиторияларға бейімдеу;

- тек шағын мақсатты сегменттермен ғана емес, сонымен қатар, баспа және электронды БАҚ арқылы кең көпшілікпен жұмыс істеу;

- мақсатты аудиторияның жаңа өкілдерін: жеке сектор, корпорациялар, коммерциялық емес ұйымдар, қауымдарды қамту мақсатында әртүрлі әріптестермен өзара қарым-қатынасқа түсу;

- халықаралық қатынасқа және алмасу бағдарламаларына белсене араласу [7].

Аталған қағидаларды қазіргі әлемнің көптеген мемлекеттері ұстанады. Жариялық дипломатия әдістері көптеген жылдар бойы қызығушылық танытушы Батыс елдерінің

мемлекеттік және үкімет төңірегіндегі құрылымдарымен өз мемлекетін, идеологиясын, мәдениетін және ортақ өркениеттік миссиясын ұтымды сипатта қалыптастыру мен алға тарту мақсатында кеңінен сәтті пайдаланылады.

Бүгінде сыртқы саяси қызметтің бұл бағыты АҚШ басшылығы мен қоғамы тарапынан салыстырмалы түрде қымбат емес, онымен қоса американдық сыртқы саясат пен бүкіл әлем бойынша мемлекеттік мүддені алға шығарудың жеткілікті деңгейде тиімді әдісі ретінде қарастырылады.

Жариялық дипломатия саласында жол салушы ретінде АҚШ көптеген ауқымды мәдени және білім алмасу бағдарламаларын белсенді тәжірибеге енгізуде, азаматтық қоғам саласында бірқатар жобаларды жүзеге асыруда, әлемнің түкпір-түкпірінде көпшілікке арналған қоғамдық кітапханалар ашуда, әртүрлі тілдегі теле-радио бағдарламаларды таратуды ұйымдастырып келеді. Мемлекеттік департамент пен хабар таратуды басқарушы Кеңестен бөлек Құрама Штаттарының жариялық дипломатиясын дайындау мен жүзеге асыруда Халықаралық дамыту агенттігі, Ақ Үй жанындағы Жаһандық хабар тарату бөлімі, Қорғаныс министрлігі, АҚШ Әлем корпусы, сонымен қатар, бірқатар тәуелсіз федералды агенттіктер мен үкіметтік емес ұйымдар тартылған.

Ұлыбритания да халықаралық байланыс орнату саласында белсенді әрекет етуде. Британдық Форин-офис, өз жариялық дипломатиясының басым бағыттары ретінде Лондон халықаралық аренада алға ілгерілетуге қажетті деп есептейтін бірқатар маңызды деген тақырыптарды көрсетеді. Бұл тақырыптар елшілік пен Британ Кеңесі бөлімшелерінің элитаға бағдарланған шаралар арқылы тура бағытта жүргізіледі, үкіметтік емес ұйымдардың тармақталған жүйелерінің жұмысы арқылы жүзеге асырылады, масс-медиа құралдары көмегімен белсене насихатталады.

Қазіргі жаһандық беталыстар сыртқы саясаттың гуманитарлық өлшемдерінің өзектілігін артқандығын көрсетеді, қоғамдық дипломатия көптеген дамыған елдердің халықаралық өмірінде мардымды факторға айналуға.

Жариялық дипломатия халықаралық аренадағы қарым-қатынастарды үндестіру мен ізгілендіру мақсатымен қазіргі әлемнің мәдени-өркениеттік үйлесімділігін қамтамасыз етудің өзекті мәселелерін шешуге бағытталған халықаралық қатынастардың жаңа парадигмасының маңызды элементі және сыртқы саясаттың гуманитарлық өлшемі болып табылады.

Жариялық дипломатияның шарықтауы КСРО мен оның одақтастары АҚШ-пен бәсекелесе отырып әлемдік кеңістіктегі үстемділікке ұмтылған уақытында ықпал ету құралы ретінде қолданған кезге сай келеді. «Қырғи сабақ» соғысы аяқталған кезде жариялық дипломатия жоққа айналды. Жариялық дипломатия белгілері Кеңес Одағында ол бірден жойылса, Америкада біртіндеп жүзеге асты. Онда әлі ұзақ уақыт бойы «Халықаралық ақпарат жөніндегі агенттік» деп аталған ұйым қызмет етті. Жариялық дипломатия орнына енді «soft power» түсінігі келді. Әдетте ол «жұмсақ күш» деп аударылады. Термин авторы Гарвард университетінің профессоры XX ғасырдың белді саясаттанушыларының бестігіне енген Б. Клинтон әкімшілігінің мүшесі Дж. Най болып табылады. Soft power Дж. Най бойынша мақсатқа күштеу немесе мәжбүрлеу арқылы емес, керісінше сендіру, иландыру көмегімен жету қабілеті.

Жариялық дипломатияны белсендірудің алғашқы кезеңінде мемлекеттер ең алдымен идеологиялық қарсы тұру жылдарында өзінің тиімділігін дәлелдеген құралдарды қайта жасауға тырысты. Алайда, мемлекеттік емес акторлар тарапынан туындаған қауіп-қатерлердің жаңа түрі жаңа реакцияны талап етті, соның ішінде ақпарат және коммуникация саласында. Қырғи қабақ соғысы жылдарында қолданылған жариялық дипломатияның әдістері мен құралдары басқа мақсаттар үшін дайындалған болатын, сондықтан өзгеріске ұшыраған әлемдік саяси мәнмәтіні және жаңа технологиялардың қарқынды етек алуы жағдайында жариялық дипломатияның барлық салаларын тұжырымдамалық негізде қайта қарастыруды талап етті. Нәтижесінде қысқа мерзім ішінде АҚШ-та әлемдік саясат пен халықаралық қатынастар саласында жариялық дипломатияны зерттеуге бағытталған ғылымның тұтас бір тармағы пайда болды.

Американың бұл бағыттағы тәжірибелік және академиялық қызығушылықтарының белсенуі және әлемдік саяси және жаһандық коммуникациялық контекстің өзгеріске ұшырауы бірқатар мемлекеттердің осы салаға қатысты назарларын арттырды және халықаралық өмірдің заманауи құбылысы ретінде жариялық дипломатияның маңыздылығы зерттеушілер үшін осы тақырыптың өзектілігінің дәлелі.

Жариялық дипломатия сыртқы саяси қызметтің саласы ретінде ерекшеліктерінің бірі мемлекеттік емес акторлармен ынтымақтасуға деген имманентті бағыттылығы болып табылады. Осылайша, мемлекеттер белсенді түрде мемлекеттік емес акторларды бірлескен жұмыстарға тартып отырады, сондықтан мемлекеттік саясат пен мемлекеттік емес акторлардың қызметі арасында қандай да бір шек қою мүмкін емес. Көптеген мемлекеттер үшін мемлекеттік емес құрылымдардың жариялық дипломатияға қатысуы күнделікті тәжірибе болып келеді.

Мемлекеттердің қоғамдарымен өзара ықпалдастығы ретінде түсіндірілетін жариялық дипломатия бұл ықпалдастықтың қатысушыларының кемінде біреуі мемлекет емес, қоғам болуы керек деп көрсетеді. Тәжірибеде бұл дегеніміз жариялық дипломатияға шетелдік іскер, журналистік және академиялық бірлестіктер, үкіметтік емес ұйымдар, отандастар ұйымдары мен көптеген басқа да акторлар қатыстырылады. Бейбіт саяси үрдістердің барлық қатысушылары онжылдықтар бойы өмір сүріп келді, алайда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың теңдессіз дамуы жариялық дипломатия мағынасының жаңаша ұғыну уақытымен сәйкес келе отырып, оларды бұрынғыдан ықпалды ете түсті. Одан басқа коммуникациялық мәнмәтін де өзгерді: Ғаламтор дәуірінде кез келген актор жаһандық коммуникацияға қатыса алады және сол арқылы жариялық дипломатияға әсерін тигізеді. Қазіргі кезде орын алған өзгерістерді ескере отырып, көптеген мемлекеттік емес акторларды тарту, еліктіруге бағытталған және өзаралық қағидасы негізінде құрылған «жаңа жариялық дипломатия» туралы айтуға болады.

Жариялық дипломатия дәстүрлі дипломатияны алмастыра алмайды, бірақ дипломатиялық жұмыста оның алатын орны бар. Сыртқы саяси өзара әрекеттестік саласындағы түрлі ресми шараларды, атап айтқанда дипломатиялық, ақпараттық, ғылыми-сараптамалық, мәдени-қоғамдық шараларды жүзеге асыру үшін қолайлы жағдай жасауға көмектеседі. Дипломатияның бұл бағыты «жұмсақ күш» деп аталатын – шынайы фактілерге сүйене отырып, көндіре алу, сендіре алу қабілетіне жатады. Жалпы жариялық дипломатия бүгінде көптеген мемлекет ұстанатын және айтарлықтай тиімді нәтижеге жеткізетін сыртқы саясаттың маңызды құралы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Филлимонов Г. Ю. «Внешняя культурная политика США как компонент “мягкой силы”». М, 2007
2. What is Public Diplomacy? 06.03.2014 <http://fletcher.tufts.edu/Murrow/Diplomacy>
3. Сеидов В.Г. От традиционной дипломатии к публичной дипломатии // Информация. Дипломатия. Психология. http://evartist.narod.ru/text10/81.htm#3_05
4. Джозеф С. Най. Новая публичная дипломатия // <http://www.project-syndicate.org/commentary/nye79/Russian>
5. Philip Taylor, What is Public Diplomacy // <http://www.leeds.ac.uk/ics/what-pd.pdf>
6. Рогозин Д.О. Россия перед вызовом «публичной дипломатии» Запада // Международная жизнь, №8, 2010.
7. Рогозин А.: «Общественная дипломатия НАТО и угрозы информационной безопасности России» <http://selfd.ru/47/>

УДК 327(510:574/575)

ОСНОВНЫЕ ЭТАПЫ РАЗВИТИЯ ДВУСТОРОННИХ ОТНОШЕНИЙ МЕЖДУ КИТАЕМ И ЦЕНТРАЛЬНО-АЗИАТСКИМИ СТРАНАМИ